



• ТІЛ – ТҰҒЫР

Тіл төрге шыққан күн

5 қыркүйек – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні және Қазақстан халқы тілдерінің күні. Ұлт үшін аса қадірлі мерекеге орай Қарағандының орталық саябағында «Тіл-Fest» фестивалі дүркіреп өтті. Фестивальде «Қазақша сөйлейік!» және Talk&Play интерактивті алаңы, ұлттық тағамдар мен «Qazaq Brand Market» жәрмеңкесі, сондай-ақ, түрлі ойындар, квиздер, байқаулар ұйымдастырылды. Отанға деген ыстық махаббаттан, тілге деген шексіз құрметтен жаралған әндер фестивальдің көрігін қыздырды. Сахнаның маңайына киіз үйден шағын ауыл тігілді. Қазақтың ғана емес, бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан өзге этностардың да тілі мен мәдениеті төрге шықты. Осылайша фестиваль бірлік пен ынтымақтың жалауын желбіретті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекенің шуағы саябаққа кірмей жатып сезілді. Қалың нөпір Бұқар жырау даңғылының бойындағы аялдамадан саябақтағы сахнаға қарай бет алды. Саябаққа жақын орналасқан автотұрақтарлық толды. Немере, шөберелерін ерткен қариялар, ата-анасының қолында шаттыққа бөленген бүлдіршіңдер, студенттік өмірге қадам басып, жаңа кезеңнің қызығын тамашалаған жасөспірімдер. Ұлттық нақыштағы киімдерін киген этнос өкілдері де фестивалдің ажарына ажар қосты. Осындай көріністерден қарағандылықтардың айтулы мерекеге деген ыстық ықыласы сезілді.

Облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Алма Шалабаева фестивалдің мұраты биік екенін айтты.

– Фестивальдің мақсаты – тіл арқылы ұлт бірлігін нығайту, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі мен қолданыс аясын арттыру, Қазақстан халқының тілдерін сақтау мен дамытуға қолдау көрсету,



сондай-ақ түркі халықтарының тілдік мұрасын дәріптеу және тіл мерекесінің жалпыхалықтық маңызын кеңінен насихаттау. Фестивальді тамашалауға келген жұрттың қарасы қалың. Бұл көрініс көңілге қуаныш ұялатты. Бұны қарағандылықтардың ауызбірлігі мен ынтымағының белгісі деп білеміз. «Тіл-Fest» фестивалі – тіл мен мәдениетті, ұлттық құндылықтар мен заманауи форматтарды тоғыстыратын қоғамдық-мәдени іс-шара, – деді Алма Шалабаева.

Фестиваль аясында «Bolashaq» академиясының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Құрманғазы Сембиев «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Балқаш қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Айгүл Макеева мен Бұқар жырау ауданының мәдениет және тілдерді дамы-

ту бөлімінің бас маманы Айжан Мұратханға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Алғыс хаты табысталды. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Назигүл Абиханова мен Шахтинск қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлзат Рахимбаеваға және Балқаш қаласындағы тілдер орталығының директоры Қымбат Мәулетоваға өңір басшысының Алғыс хаты берілді. Сонымен қатар, облыстық тілдерді дамыту басқармасы басшысының да Алғыс хаты өз иелерін тапты. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге және іс жүргізу саласында тіл туралы заңнама талаптарының сақталуына өз үлесін қосып жүрген мекемелер де назардан тыс қалмады.

Фестивальді өңірдегі зиялы қауым да тамашалауға келді. Қазақстанның құрметті журналисі Сағат Батырхан бұл мереке

өзі үшін қаншалықты маңызды екенін айтты берді.

– Қыркүйек айының алғашқы күндері салқынмен басталған еді. Бірақ, дәл бүгін аспан ашылып, төбемізде күн күлімдеп тұр. Қарағандылықтардың көңіл күйі керемет! Баршасын мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мерекені жыл сайын асыға күтеміз, – деді Сағат Батырхан.

Қарағанды облысындағы тіл оқыту орталықтары да фестивальде ауқымды көрме ұйымдастырды. Көрмеде түрлі әдістемелік кешендер таныстырылды. Сонымен қатар, тіл оқытуда қолданылатын қызықты ойындар да қамтылды. Жеңімпаздарға сыйлық берілді. Көрмеде жастардың қарасы қалың болды. Ойынға қатысқысы келгендер ұзын-сонар кезекке тұрды.

Суреттер автордан

• РЕСМИ

Әр теңгеде есеп бар

Облыста мемлекеттік қаражаттың мақсатты әрі тиімді жұмсалыуына жүргізілген бақылау нәтижесінде бірқатар қаржылық және процедуралық сипаттағы кемшілік анықталды. 2025 жылы облыстың үш бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит 73,3 млрд теңгені қамтыған.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің мәліметінше, тексеру барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жаңа талаптарының жалпы сомасы 79,4 млн теңгеге бұзылғаны анықталған. Оның 64,6 млн теңгесі – қаржылық, 14,8 млн теңгесі процедуралық сипаттағы бұзушылықтарға тиесілі. Аудит барысында активтер мен міндеттемелердің есепте дұрыс көрсетілуі, ақша қаражатының қозғалысы, дебиторлық және кредиторлық берешек, кірістер мен шығыстардың есепке алынуы сияқты мәселелер қаралған.

Анықталған негізгі кемшіліктердің қатарында активтерді дұрыс сыныптамау, негізгі құралдарды негізсіз есептен шығару, бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану және шарттар заңды күшіне енбей тұрып шығыстарды төлеу фактілері бар. Тексеру нәтижесінде бюджетке 6,6 млн теңге қайтарылып, бухгалтерлік есеп бойынша 2,4 млн теңге қалпына келтірілген. Сонымен қатар, аудит барысында анықталған кемшіліктерді жою және қаржылық тәртіпті күшейту бойынша тиісті ұсынымдар берілді.

Айта кету керек, бұл – тексеру жұмыстарының алдын алу бағыты да маңызды екенін көрсетеді. Аудиттің нақты уақыт режимінде жүргізілуі есептіліктегі қателіктер мен бұзушылықтарды ертерек анықтап, оларды уақытылы түзетуге мүмкіндік береді.

Ұлағат ұялаған әулет

Қарқаралының қасиетті топырағынан тамыр тартқан Кернебаевтар әулеті облыстық «Мерейлі отбасы» байқауында 26 отбасының арасынан топ жарып, бас жүлдені иеленді. Өздері бірнеше буын бойы еңбек пен білімді, береке мен бірлікті ту еткен қарашаңырақ. Әулеттің отағасы Сапар Алдонғарұлы мен отанасы Несібелді Мәкенқызының Қарқаралыда көтерілген шаңырағы бүгінде ғылымға ұмтылған, білімге құштар, ұлттық құндылықты қас-терлеген өнегелі әулетке айналды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапар Алдонғарұлы – өмірін адал еңбекке арнаған шежірелі өлкенің қарапайым перзенті. Өсімдікті қорғау саласында ұзақ жыл басшылық қызмет атқарды. Агроном болып, астық тапсыру-



дың бесжылдық жоспарын асыра орындағаны үшін Талды ауданы бойынша алғашқылардың бірі болып автокөлікпен марапатталғаны – ерен еңбектің нәтижесі.

Жары Несібелді Мәкенқызы да Қарқаралының білім мекемелерінде көп жыл бас есепші болып еңбек етті. 1949 жылы туған қос жүрек 1972 жылы отау құрып,

биыл 54 жылды қатар өткізіп отыр. Бес перзент тәрбиеледі. Төрт қыздың ортасында еркелеп өскен еркін ойлы ұл – Айдын. Қазір бес перзентінен 11 немере,

3 шөбере сүйген ахарлы-шахарлы әулет.

Бүгінде сол киелі қарашаңырақтың түтінін түтетіп отырған Айдын Сапарұлы – философия докторы, қауымдастырылған профессор, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің жетекші ғылыми қызметкері, кәсіпорын экономикасы және менеджменті кафедрасының доценті қызметін атқарады.

Ғалымның зерттеу тақырыбы да әке жолымен сабақтас. Ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен, экономиканы жаңғырту. Айдын Сапарұлының ғылыми ізденісінің өзегі. Сапар ақсақалдың мандай терімен қалыптастырған өнегесі мен ұлағаты ұлының ғылымдағы ізденісіне ұласқан.

Сонымен бірге, Айдындың жары Айжан да білім саласында өзіндік жолын қалыптастырған. Он бес жылға жуық Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде еңбек еткен. Қазір Лев Гумилев атындағы Еу-



разия ұлттық университетінің докторанты. Докторлық диссертациясын өңірдегі ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру тақырыбына арнап отыр.

1986 жылы дүниеге келген Айдын мен Айжан 2007 жылы шаңырақ көтерген. Бүгінде жиырма жылға жуық отбасылық өмірдің жемісі – бес бала. Бір үйде үш буынның жарасымды тіршілігі де осы шаңырақтың басты байлығы.

Тұңғыштары Альтаир – әкесінің ғылымға деген жолын жалғастырғысы келетін зерделі жас. Биологиядан облыстық олимпиадалардың үш дүркін жеңімпазы.

► 3-бет

Жылыту жіті бақылауда

Облыстың алдағы жылу беру маусымына дайындығы мәреге жақын. Маңызды мәселе облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат кеңесінде жан-жақты қарастырылды. Келелі жиында Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев атқарылған жұмыстардың барысы туралы баяндады.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салалық басқарма басшысының мәлімдеуінше, өңірдегі жылу тарату желілерін ондау науқаны аяқталу сатысында. Қазіргі таңда жоспарланған жұмыстардың 99,6 пайызы орындалған. Биыл осы мақсатқа 196,4 млрд теңге қарастырылған.

— Бүгінде қысқы маусымға 602 жергілікті жылу көзі, 1,3 мың шақырымнан астам инженерлік желі, әлеуметтік саланың 1116 нысаны және 6068 көп-пәтерлі тұрғын үй қамтылды. Жоспарланған 37 қазандықтың 24-інде жөндеу толық аяқталған. Сондай-ақ, 27 турбинаның 17-сі жөндеуден өтті. Жылу желілерін жаңғырту бағытында биыл жалпы құны 28,7 млрд теңгені құрайтын сегіз жоба жүзеге асырылуда. Аталған жобалар аясында ұзындығы 12,3 шақырым болатын жылу желілерін қайта жаңғырту көзделген. Қазіргі уақытта негізгі монтаждау жұмыстары аяқталып, аумақтарды абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, — деп мәлім етті Тілектес Темірбекұлы.

Отын қоры да назарда. Облыстағы барлық энергия өндіруші стансалар көмір жеткізуге келісімшарттар жасасқан. Алдағы жылыту маусымына 7,3 млн тоннадан астам көмір жеткізу жоспарланып отыр. Жергілікті жылу көздері, халық пен бюд-

жеттік ұйымдарға қажетті көмір қорын қалыптастыру бойынша қазіргі таңда 531,7 мың тонна отын дайындалған. Бұл — жалпы қажеттіліктің 49,8 пайызы. Оның ішінде, коммуналдық-тұрмыстық қажеттілікке арналған көмір қоры 81,2 пайызды, халық үшін 39,6 пайызды құрайды.

Облыс өңірлерінде жылу тарату амалдары ауа райына байланысты 1-15 қазан аралығында жүзеге аса бастамақ. Аппараттық кеңесте Теміртау қаласының жылу маусымына дайындығы да жеке қаралды. Биыл қаладағы жөндеу жұмыстарына шамамен 40 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде, 15,6 млрд теңге — жеке инвестициялар, 20 млрд теңге — Ұлттық жоба қаражаты, 4,4 млрд теңге — бюджет қаражаты. Qarmet АҚ-ның ЖЭО-2 негізгі жабдықтарын жөндеуге 9,86 млрд теңге бөлінген. Жұмыстарды 2026 жылғы 13 қарашаға дейін аяқтау жоспарланған. Осы мерзімге дейін алты қазандықты толық дайындау көзделіп отыр. ҚарГРЭС-1 стансасында жабдықтарды жөндеуге 3,5 млрд теңге қарастырылған. Қазіргі уақытта №10 қазандыққа күрделі жөндеу жүргізілуде. Жылу маусымы басталғанға дейін барлығы үш қазандық агрегаты дайын болуы тиіс. Теміртаудағы жылу желілерін жөндеу жұмыстары бойынша жоспарланған 26,83 шақырымның 19,83 шақырымы

еңсерілді. Бұл — 74 пайыз.

Ұлттық жоба аясында 2-шағынаудан бойындағы жылу магистралін қайта жаңғырту жұмыстары да жалғасуда. Мұнда жұмыстар аяқталуға жақын. Сонымен қатар, ЖЭО-2-ден шығатын ұзындығы 6 шақырым жылу магистралінің құрылысы жүргізілуде. Биыл оның 3,5 шақырымын қамтитын бірінші кезең жүзеге асырылуда. Жобаны толық аяқтау 2027 жылға жоспарланған. Сондай-ақ, құны 8,7 млрд теңге болатын, ұзындығы 27 шақырым «Қарағанды — Теміртау» су құбырын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Бүгінге дейін жобаға 3,2 млрд теңге қаржы түскен. Жұмыстарды толық аяқтау 2027 жылғы шілдеге межеленді. Құрыш қаладағы басқа инженерлік желілердің дайындығы да кезең-кезеңімен жүргізілуде. Атап айтқанда, су құбыры желілерінің 81 пайызы, қарыз жүйесінің 77 пайызы, электр желілерінің 75 пайызы жөндеуден өтті. Жөндеуге жоспарланған 15 трансформаторлық қосалқы стансаның 11-інде жұмыс аяқталған. Әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығы 90,4 пайызды құраса, көпкөтерілі тұрғын үйлер бойынша бұл көрсеткіш — 74 пайыз.

Балқаш қаласында жылу желілерін жөндеуге 250 млн теңге қарастырылған. Бұл қаржыға 8,7 шақырым желіні жаңарту жоспарланды. Қажетті материал-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

дар толық көлемде жеткізілген. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстарын «Балқаш Жылу» ЖШС өз күшімен жүргізіп жатыр. Саяқ кентінде әрқайсысының қуаты 1 МВт болатын алты ТОМ-1 су жылытатын қазандығы сатып алынды. Бір қазандықтың құны — 24,2 млн теңге, ал, алты қазандықты сатып алуға жалпы 145,2 млн теңге жұмсалған. Кентте ұзындығы 1,54 шақырым болатын жылу желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары да жалғасуда. Бүгінде оның 1 шақырымында жұмыс орындалған. Бұл мақсатқа 6,2 млн теңге бөлінген.

Жиынды қорытындылаған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жылумен қамтамасыз ету мәселесі ерекше бақылауда екенін атап өтіп, барлық деңгейдегі басшыларға жылу маусымына дайындыққа тікелей жауапты екенін ескертті. Яғни, тиісті жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтамауға немесе іске формалды қарауға жол берілмейді. Қала және аудан әкімдеріне, сондай-ақ, мүдделі мемлекеттік органдарға барлық жұмыстарды уақытылы аяқтауды, қажетті отын қорын жасақтауды және апаттық қызметтермен өзара іс-қимылды пысықтауды тапсырды.

— Инженерлік желілерді жөндеу жұмыстары ерекше бақылауда болуы тиіс. Жоспарланған барлық жұмыстар жылу беру маусымы басталғанға дейін толық аяқталуы қажет. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында табиғи монополия субъектілерімен бірлесіп, инженерлік желілерді жаңғыртудың белгіленген мерзімдерінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, жергілікті жылу көздеріне көмірді уақытылы жеткізуге басымдық беріп, тұрғындарға отынды алдын ала сатып алудың маңызын түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет, — деді сөзінің соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Әлбетте, аймақтағы дайындық деңгейі 99,6 пайызға жеткенімен, көзайым көрсеткіш нақты жұмыспен бекемделуі ләзім. Алдағы күндер — соңғы межені еңсеретін жауапты кезең. Сондықтан, бүгінгі тиянақты жұмыс ертеңгі қыстың алаңсыз өтуінің басты кепілі болмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Қарағанды жастарының пайымы

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей өңірдегі ғылым, білім, мәдениет, медиа және қоғамдық салалардағы белсенді жастармен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті қоғамға — шыншыл сөз» жинағын талқылады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында Президенттің әр кезеңде айтқан ой-тұжырымдарының бүгінгі реформалармен сабақтастығы сөз болды.

Әлібек Үсенұлының айтуынша, жинаққа енген, сонау 1990-жылдары айтылған пікірлердің қазіргі мемлекеттік саясаттағы басымдықтармен үндесуі Мемлекет басшысының ұстанымдарымен сабақтас. Ол мысал ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1995 жылы «Парасат» журналына берген сұхбатындағы «Кез келген проблема-ның шешімі — адамдарда» деген пікірін атап өтті. Бүгінде адам капиталы мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдықтарының біріне айналған. Президенттің 2019 жылы айтқан «Әділет жолы — ауыр жол, бірақ ауыр болса да, одан тура жол жоқ» деген сөзі қазіргі реформалардың өзегіндегі

сы, өмірлік тәжірибесі толысып, өзгертін кезең. Мемлекеттік басқарудың биік сатысына енді көтерілген Мемлекет басшысының сол кезде айтқан ойлары, президенттік мәртебеге ие болып, ел тізгінін ұстаған кезеңдегі ауқымды реформаларымен үндеседі, — деді Әлібек Әлденей.

Кездесуде әдебиеттің қоғамдық ойға ықпалы, тарихтан тағылым алу, ел білігін сақтаудағы ортақ құндылықтар айтылды. Конституция және азаматтық жауапкершілік, ғылым мен білімнің ел дамуындағы орны, қазақ тілін жаңа білім мен технологияның тіліне айналдыру мәселелері сөз болды. Жасанды интеллектің қоғам игілігіне пайдалану, жастардың білімі мен еңбегі, сондай-ақ, ақпарат кеңістігіндегі шыншылдық мәселелері талқыланды.

— Жиын барысында түсінгенім: әділетті қоғамды құру міндетін мемлекетке жүктей салуға болмайды. Бұл — біздің ортақ па-



әділет қағидатымен үндесетініне тоқталды.

— Өңіріміздің ғылым, білім, мәдениет, медиа және қоғамдық ортада жүрген белсенді жастарының басын қосып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті қоғамға — шыншыл сөз» жинағы турасында сөз қозғалды. Мемлекет басшысының әр кезеңде айтқан ойларының бүгінгі реформалармен үндестігін сараладық. Сол құндылықтардың бүгінгі қоғамдағы орнын, әсіресе жас буынға берер тағылымын тілге тиек еттік. Жинақ Мемлекет басшысының өткен ғасырдың 90-шы жылдары айтқан ой-тұжырымдарын қамтиды. Отыз жыл — аз уақыт емес. Адамның көзқара-

рымыз. Адал еңбек, білім мен білік, азаматтық жауапкершілік, ел мен жерге деген жанашырлық әрбір қазақстандықтың өмірлік ұстанымына айналғанға ғана қоғам өзгереді. Сонда ғана реформалардың игілігін сезінеміз, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Кездесудің қорытындысы бойынша озық ойлы жастарға арналған жаңа кітапхана ашылды.

Жаңа орталық кітап оқып, білім іздейтін орын ғана емес, қарағандылық жастар мен оқырмандардың еркін пікір алмасып, жаңа идеяларын ортаға салатын коворкинг алаңы ретінде де қызмет етпек.

Сурет
ұйымдастырушылардан

Ақтоғайда «Алаш үйі» ашылады

Ақтоғай ауданында Алаш қайраткерлерінің мұрасын дәріптейтін туристік бағытқа негізделген «Алаш үйі» ашылмақ. Осы орайда Беғазы-Жекежал-Талдыбейіт бағытын туристік маршрутқа айналдыру жоспарланып отыр. Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Ақтоғай ауданына жұмыс сапары барысында тарихи-мәдени нысандарды аралап, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстармен танысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлібек Үсенұлы сапары барысында Ақтоғай ауданын Балқаш жағалауынан Қызыларай тауларына дейін созылған, табиғаты көркем әрі тарихы терең өлке екенін атап өтті. Мұнда Сарыарқаның ең биік нүктесі — Ақсоран шыңы мен тарихы тылсым Бектау ата орналасқан. Сондай-ақ, бұл өңірде туып-өскен қазақтың біртуар тұлғалары — Әлихан Бөкейхан, Әлихан Ермеков, Жақып Ақбаев, Күләш Бөсейітова, Мағауия Хамзиннің өнерін тілге тиек етті.



Облыс әкімінің орынбасары жұмыс сапарын алдымен Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінен бастады. 1986 жылы негізі қаланған музейде қола дәуірінен бүгінге дейін жеткен тарихи жәдігерлер сақталған. Залдардың бірі — Алаш арыстарына арналған. Биыл Алаш қозғалысының көшбасшысы, мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның туғанына 160 жыл толуына орай музей жанынан «Алаш үйі» ашу жоспарланып отыр. Жоба «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге асады. Құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау көзделген. Жаңа орталықта Алаш қайраткерлерінің жазған хаттары, киген шапандары және тұрмыста пайдаланған заттары көпшілікке ұсынылмақ.

— Биыл Алаш қозғалысының көшбасшысы, көрнекті мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның туғанына 160 жыл толуына орай музей жанынан Алаш үйін ашуды жөн көріп отырмыз. Бұл ойымыз «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен жүзеге аспақ. Құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлап отырмыз, — деді Әлібек Үсенұлы.

Ақтоғайдағы маңызды тарихи орындардың бірі — қола дәуірінің аса құнды ескерт-



кіші Беғазы кешені. Келер жылы кешенді мәдени-танымдық орталыққа айналдыру көзделіп отыр. Осы мақсатта тарихи нысандарға апаратын жолдарды жақсарту, навигациялық және ақпараттық белгілер орнату, демалыс орындары, санитарлық тораптар мен автотұрақтар ұйымдастыру жоспарланған.

Ақтоғайға сапары барысында сондай-ақ, Талдыбейіттің қазіргі жағдайы, тарихи нысанды қалпына келтіру жоспарлары айтылды. Облыс әкімі орынбасарының атап өтуінше, келер жылы Талдыбейітте реставрациялық жұмыстар басталады. Жұмыстардың негізгі мақсаты — тарихи орынның бастапқы келбетін сақтап, кейінгі ұрпаққа аман жеткізу. Өйткені, Талдыбейіттің тарихы Әлихан Бөкейхан әулетімен тығыз байланысты. Бұл жерде Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханның әкесі Нұрмұхамед Мырзатайұлы мен туған інісі Сымахан Нұрмұхамедұлы жерленген.



Сондықтан, бұл нысан Алаш қайраткерінің өмірі мен шыққан ортасын танып-білуге мүмкіндік беретін маңызды тарихи орындардың біріне айналмақ.

Жалпы, Ақтоғай ауданындағы тарихи-мәдени мұраны жаңғырту жұмыстары Беғазы, Жекежал және Талдыбейіт нысандарын біртұтас туристік бағытқа біріктіруге бағытталған.



— Жекежал қыстағындағы қайта қалпына келтіру жұмыстарының барысымен де таныстық. Бұл — Әлихан Бөкейханның алғаш асық атып, ат жалын тартып мінген шағының куәсі болған мекен. 2016 жылы консервациялау, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, басына тас орнатылған болатын. Араға 10 жыл салып, қайта жөндеуден өтті. Қыстаудың қабырғалары толық аршылып тазаланды, екі бөлмелі бастапқы мен оған іргелес орналасқан қора-қопсы қалпына келтірілді. Ал, Әлихан Бөкейханның әкесі — Нұрмұхамед, туған інісі — Сымахан жерленген Талдыбейітте реставрациялық жұмыстар келер жылы басталады. Бұл бастамалардың барлығы Ақтоғайдың бай тарихи-мәдени мұрасын сақтап, Беғазы-Жекежал-Талдыбейіт бағыттарын өңірдің жаңа туристік нысандарының біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Киелі мекеннің тау-тасын аралап жүріп: «Түп-тамырымызды толыққанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейте түсеміз», — деген Мемлекет басшысының сөзі ойға оралды. Ақтоғайдың бай тарихи-мәдени мұрасын дәріптеп, тарих тағылымын келер ұрпаққа аманаттау — бізге парыз. Ал, тарихын таныған ел жолынан жаңылмайтыны әлімсақтан белгілі, — деді Әлібек Үсенұлы.

Суреттер Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінен

Балқаштың бағын инвестор ашады

Кейбір маңызды тапсырмалардың жиналыс хаттамаларында қалып қоятыны бар. Ал, кейбірі араға бірнеше апта салмай жатып, жері қазылып, құбырлары тартылып, алғашқы резиденттері бой көтерген нақты іске айналып жататыны және бар. Балқаш жағалауындағы өндірісті аймақтың үлгілі хикаяты – осындай екінші қатардағы тапсырмалардың бірінен. Тоқталайық.

Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы тақылеттес мәселе Үкімет отырысында көтерілген. Премьер-Министр Олжас Бекте-нов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы об-лысына сапары кезінде туризмді дамыту қарқынының баяулығына қатысты айтылған сынға тоқталып, елдің өзге өңірлерінде де осындай жағдай бар екенін атап өтті. Осыған байланысты, тиісті министрліктер мен әкімдіктерге курорттық бағыт-тардағы рейстер санын арттырудан бастап, демалушыларға қолайлы жағдай мен сапалы сервисі қамта-масыз етуге дейінгі жұмыстарды жеделдету тапсырылды.

Қарағанды атаулы тапсырма-ның жаңғырығы кабинеттерде басылып жатып-ақ, нақты іспен жауап берді. Балқаш жағалауында аумағы 14 гектар болатын өндірістік аймақ ашылды. Бұл – Қазақстанда осы форматта іске қосылған алғашқы жоба. Қазірдің өзінде учаскелердің шекарасына дейін су құбыры, кәріз және жылу желілері жеткізілген. Яғни, инве-сторға коммуникация мәселесімен арпалысып уақыт жоғалтудың қа-

жеті жоқ. Ендігі міндет – құрылы-сын бастау, өндірісін өркендету.

– Инженерлік инфрақұрылым – кез келген жобаның ең шығынды бөлігі. Мемлекет коммуникация-ларды тартып, кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасайды. Ал, оның қайтарымы – жаңа инвести-циялық жобалар, жұмыс орындары және бүгінгі заман талабына сай жаңа тартылыс нүктелері, – дейді облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Аймақтың индустриялық аймағына алғашқы резидент ретінде «Әділ-құрылыс» корпо-рациясы тіркелді. Компания ту-ристік кешен салу үшін 4 гектар жерді жалға алған. Premium Villa Balkhash жобасы шеңберінде еу-ропалық үлгідегі 23 барнахаус пен ұлттық нақышты қалайтын де-малушыларға арналған 21 киізүй-лік этноауыл бой көтерді. Яғни, бірізді, қалыпты сервистен гөрі ұлттық болмысты сезінгісі кел-етін қонақтарға мән берілімек. Әр вилланың жеке бассейні бар. Ең бастысы, озық кешен жыл он екі ай жұмыс істеуге бейімді. Бұл Қа-зақстандағы маусымдық демалыс орындары үшін айрықша жоба деуге болады. Өйткені, еліміздегі



Қолжазба жасаған Айбек Рахымжан

курорттардың басым бөлігі әзірге жазғы маусыммен шектеліп ке-леді.

– Индустриялық аймақ – мем-лекет тарапынан көрсетілетін қол-даудың арқасында бизнес үшін өте тиімді жұмыс форматы. Қала бас-шылығымен де тығыз байланыста жұмыс істеп келеміз. Басты мақса-тымыз – Балқаштағы демалысты заманауи әрі жайлы деңгейге кө-теру, – дейді инвестор Жақсыкелді Иманбеков.

Ал, Барковский аумағында кәсіпкер Александр Василев-

ский «Монако» демалыс аймағын салған. Оның айтуынша, қажетті инженерлік желілердің алдын ала тартылуы құрылыс қарқынын ай-тарлықтай жеделдеткен.

Өткен жыл басынан бері Балқашта екі демалыс орны мен бір қонақүйдің құрылысы аяқталған. Бүгінде тағы үш турис-тік жоба қатар жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, екі жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Жаңа өндірістік аймақтың қалған 6 гектар жері келесі инвесторларды қабылдауға

әзір. Яғни, алаңның есігі жабылған жоқ. Керісінше, Балқаштың турис-тік әлеуетін жаңа деңгейге көте-ретін жобалар легі енді жалғасын таппақ.

Мемлекет тарапынан көр-сетілетін қолдау да құрғақ дек-ларация күйінде қалып отырған жоқ. Жоба «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы қолдау та-уып, құрылыс аяқталғаннан кейін жобаға жұмсалған шығынның 10 пайызы қайтарылады. Сонымен қатар, жұмыс істеп тұрған демалыс орындары қауіпсіздік талаптары



АЙТЫЛДЫ –
ОРЫНДАЛДЫ

мен санитарлық нормаларға сәйке-стендіріліп, Барковский аумағын-дағы жаяу жүргіншілер жолдары абаттандырылған. Яғни өңір бұл бағытта жекелеген жобалармен шектелмей, жүйелі жұмыс жүр-гізіп келеді.

Осылайша Үкімет отырысы-ның залында айтылған тапсырма араға санаулы апта салып, нақты іске айналды. Участкеге инженер-лік желілер тартылды, гектарлар жалға берілді. Туристік данқы ұзақ жылдар бойы жеке кәсіпкерлердің ынтасы мен қысқа ғана жазғы ма-усымға сүйеніп келген Балқаш үшін бұл – курорт атын иеленудің емес, курорттық инфрақұрылымы қалыптасқан шынайы демалыс ор-нына айналудың татымды қадамы болды.

Тапсырма берілді. Ин-фрақұрылым тартылды. Инвестор келді. Енді Балқаштың туристік әлеуетін нақты нәтижеге айналды-ратын уақыт жетті.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жастарды еңбек өсіреді



Жастардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, олар-ды еңбекке баулу, қоғамдық жұмыстарға тарту және қоршаған ортаны қорғауға үлес қосу мақсатында елімізде «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары жобасы 2021 жылдан бері жүзеге асы-рылып келеді.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай ауданында да аталған жоба аясында жастарды уақытша жұмыспен қамту және олардың бос уақытын тиімді ұйымдасты-ру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

2026 жылдың маусым айында «Жасыл ел» бағдарламасы бой-ынша 66 жас еңбекпен қамтыл-ды. Оның ішінде, 29 жас Абай қаласында, 37 жас ауданның ауылдық елдімекендерінде еңбек етті.

Шілде айында жобаға қаты-сушылар саны артып, 68 жас жұ-мыспен қамтылды. Олардың 23-і Абай қаласында, 45-і ауылдық елдімекендерде еңбек етті.

Ал тамыз айында 66 жас «Жасыл ел» еңбек жасақтары-ның құрамында жұмыс атқарды. Оның 24-і Абай қаласында, 42-сі ауданның ауылдық елдімекен-дерінде жұмыс істеді.

Жастардың еңбек жасақта-рына қатысуы олардың жазғы уақытын тиімді өткізуімен қатар, еңбек тәртібін қалыптастырып, жауапкершілік, ұйымшылдық және белсенділік қасиеттерін да-мытуға мүмкіндік береді. Жобаға қатысушы жастар абаттандыру, қоғалдандыру, тазалық жұмы-старын жүргізу және қоғамдық

маңызы бар басқа да жұмыстарға белсенді атсалысуда.

«Жасыл ел» жобасы «Таза Қазақстан» жалпыұлттық эколо-гиялық бастамасымен де сабақта-сып жатыр. Жастар туған өлкенің тазалығын сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға және елдімекен-дерді абаттандыруға өз үлестерін қосуда.

2026 жылы Абай ауданында «Жасыл ел» жастар еңбек жа-сақтары арқылы барлығы 200 жас, оның ішінде, 114 жас әлеуметтік осал топ қатарынан жұмыспен қамтылды. Бұл – жастарға еңбек етуге, алғашқы жұмыс тәжіри-бесін жинақтауға, жаңа дағдылар-ды меңгеруге және туған жерінің дамуына өз үлесін қосуға берілген маңызды мүмкіндік.

Бүгінде «Жасыл ел» – жастарды уақытша жұмыспен қамтитын жоба ғана емес, еңбекқорлықты, қоғам-дық жауапкершілікті және туған жерге деген жанапшырлықты қалып-тастыратын маңызды бастама.

Жастардың еңбегі – елдің көр-кеісіне қосылған үлес. Ал «Жасыл ел» – сол еңбекті нақты іске ай-налдырып, жас ұрпақты еңбекке баулитын игі жобалардың бірі.

Абай ауданы

Сурет
ұйымдастырушылардан

Ұлағат ұялаған әулет

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үлкен қызы Алиана Назарба-ев Зияткерлік мектебінде білім алып, орыс тілінен қалалық олимпиадалардың жүлдегері атанған. Кіші қызы Ханшай-ым Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейдің алтыншы сы-ныбын аяқтап, биыл жоғары нәтижемен Назарбаев Зияткер-лік мектебіне қабылданды. Ал, Әбухайыр мектеп табалдырығын алғаш аттады.

2025 жылы дүниеге келген бесінші перзентіне Дінмұхаммед деген есім берілді. Бұл – «Дін-мұхаммед Қонаевтай қайраткер әрі әнші Димаш Құдайбергендей дара болсын!» деген ата-ананың ақ тілегі.

Балалардың әрқайсысы – өзінше бір әлем. Бірі ғылымға ұмтылса, бірі спортқа, әнге, биге, суретке, домбыраға жақын. Десе де, бәрін біріктіретін бір дүние бар. Ол – ізденіс. От-басында білім мен өнер қатар жүреді. «Өнерлі өрге жүзер» дегендей, балалардың өнерге деген талпынысы да отбасының рухани тынысын кеңейтіп тұр. Дастарқан басындағы әңгіме де, үлкеннің батасы да, домбыра-ның үні де тәрбиенің бір бөлше-гіне айналған.

– Біз үшін отбасы бір үйде өмір сүру ғана емес, ол – ор-тақ арман, өзара қолдау және үздіксіз даму жолы. Балалары-мызды адалдыққа, еңбекқор-



лыққа және мейірімділікке ба-улимыз. Себебі, тәрбиенің ең үлкен мектебі – отбасы, – дейді Айдын Сапарұлы.

Бес баланы тәрбиелеп отыр-ған Айдын мен Айжан мемлекет тарапынан көрсетілетін көпба-лалы отбасыларға арналған әле-уметтік қолдаудан да тыс қалған емес. Олар тиісті жәрдемақыны алып отыр. Айдын Сапарұлы мұндай көмектің бала тәрбиесі мен отбасының тұрмысына бе-

пер септігін оң бағалайды.

– Мемлекет тарапынан көр-сетіліп отырған қолдауға риза-мыз. Мұндай көмек көпбалалы отбасылар үшін маңызды. Де-генмен, отбасының ең үлкен тірегі – өз еңбегі, жауапкершілі-гі мен бірлігі, – дейді ол.

Ал, «Мерейлі отбасы» ұғы-мын «Бірлігі берік, үлкені өне-ге, кішісі ізетті, баласы білімді, шаңырағында мейірім мен сый-ластық орнаған, қоғамға пайда-

сы тиетін отбасы», – деп түйін-дейді Айдын Сапарұлы.

Киелі Қарқаралының топы-рағында еңбек еткен Сапар ақ-сақал мен Несібелді апаның өне-гесі бүгінде ғылымға, білімге, ұлттық тәрбиеге ұласқан. Әулет-тің басты мерейі – бірлігі мен сыйластығы, мұрасы – білімге, ғылымға құштар ұрпағы.

Суреттер кейінкердің
отбасылық мұрағатынан

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Күрең берет бәріне бұйырмайды

Қарағандыдағы «Қарабас» полигонында «Күрең берет – 2026» біліктілік сынағы өтті. Бір аптаға созылған сынаққа еліміздің әр аймағынан келген 101 әскери қызметші қатысты. Соның 13-і ғана барлық кезеңнен сүрінбей өтіп, күрең берет тағу мәртебесіне ие болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық ұланның «Бүркіт» ар-найы мақсаттағы бөлімшелеріне арналған бұл сынақта сарбаздың төзімі, табандылығы, кәсіби ше-берлігімен қатар, қиын сәтте дұрыс шешім қабылдай білуі де сынала-ды.

Іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен 60 әскери қызметші 65 шақырым-дық маршқа шықты. Бір қараған-да, қашықтықтың өзі-ақ сынақтың қаншалықты ауыр екенін аңғарта-ды. Алайда, мәселе тек белгіленген межені бағындыруда емес. Әскери қызметшілер жол бойында бірі-нен соң бірі күрделі нормативтерді орындады.

Бағдарламада 5 шақырымға жүгіру, таулы-тасты жермен жүру, жараланған сарбазды тасымалдау, түрлі кедергілерден өту, газтұмбыл-дырықпен жүгіру, ор қазу, жергілік-ті жерде бағдарлау, су кедергісінен өту, атыс жаттығуларын орындау және кедергілер жолағынан өту секілді тапсырмалар болды.

Биылғы сынақтың тағы бір ерекшелігі – бағдарламаға алғаш рет FPV-дрондарды басқару нор-мативінің енгізілуі. Қазіргі заманғы ұрыс жағдайында бұл бағыттың маңызы артып келеді. Арнайы жа-сақ сарбазы енді қару ұстап, жерде-гі нысанға қарсы әрекет етумен ғана шектелмейді. Заманауи технология-ны меңгеру де жауынгерлік даыр-лықтың маңызды бөлігіне айналды.



Әскери жаттығулардың әрқай-сысы белгілі бір мақсатқа негіздел-ген. Бірі – дене дайындығын, екін-шісі – тактикалық машықты, енді бірі – психологиялық тұрақтылықты бағалайды. Себебі, арнайы жасақ жауынгері үшін күтпеген жағдайда абдырап қалмай, нақты шешім қа-былдай білу аса маңызды.

Күрең берет табыстау рәсімін-де оларды Ішкі істер министрінің орынбасары – «Ұлттық ұланның» Бас қолбасшысы, генерал-лейте-нант Аңсаған Балтабеков арнайы құттықтады.

Сурет ekaraganda.kz
сайтынан

Дала додасындағы дарабоздар

31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында өткен VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ел спортының мерейін асырған айтулы дода болды. Ұлттық спортты ұлықтаған халықаралық жарыста Қарағанды облысының спортшылары да ел намысын абыроймен қорғап, жүлделі орындардан көрінді.



Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы мәлімдегендей, қарағандылықтар жарыстың бірнеше бағытында бақ сынап, қоржынға бір алтын, бір күміс және үш қола медаль салды.

Самбодан сынға түскен Болат Сапар қарсыластарының бәрінен басым түсіп, чемпион атанды.

Көкпардан Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен Мирас Тақауиев күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал, овари тоғызқұмақтан Аңсаған Қожанәсіп үздік үштіктің қатарынан көрініп, жа-

рысты қола медальмен қорытындылады.

Асық атудың ордо түрінен Бақытжан Тілеукабылов та үшінші орыннан көрініп, қола медаль иеленді. Самбодан тағы бір жерлесіміз Жандос Бейсенбаев қола жүлдені қанжығасына байлады. Ұлттық мұрамыздың ая-



рамас бөлігі саналатын тазы жарысында да облыс намысын қорғаған Нұрәулет Мырзахановтың «Найзасы» жүйріктер қатарынан төртінші орынға тұрақтады.

Осылайша, дүбірлі додада Қарағанды облысының спортшылары ұлттық спорттың бірнеше түрінен жоғары нәтиже көрсетіп, ел абыройын асқаттаты. Олардың жеңістері мен жүлделері өңірде ұлттық спорттың дамып келе жатқанын аңғартады.

Айта кетейік, VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 74 медаль жеңіп алды. Оның ішінде, 32 алтын, 20 күміс және 22 қола жүлде бар. Жалпыкомандалық есепте 30 алтын медаль еншілеген Қырғызстан II орынға, жеті алтын жүлдесі бар Ресей III орынға жайғасты.

Көшпенділердің дәстүрлі спортын әлемдік деңгейде дәріптейтін дода осымен тоқтаған жоқ. Келесі, 2028 жылғы Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Татарстан астанасы Қазан қаласында өтеді.

Суреттер облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ХОККЕЙ

Жеңісті жолын жалғады

Хоккейден ел чемпионатының екінші турында қарағандылық «Сарыарқа» өз алаңында «Ақтөбе» клубын қабылдады. Жерлестер бұл жолы да қарсыластарын 8:2 және 9:5 есебімен жеңіп, турнир кестесінде шайба айырмашылығымен көш басына шықты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлестер алғашқы минуттардан-ақ қарсыластарына қысым көрсетіп, басымдықтарын байқатты. Кездесудің небәрі 30-шы секундында Дмитрий Преснов есеп ашқан. Араға 10 минут салып, өзі тағы да мергендік танытып, екінші шайбасын соқты. Осылайша, алғашқы кезең 2:0



есебімен қарағандылықтардың пайдасына шешілді.

Екінші айналымның басында қарсыластар сапынан Станислав Александров көзге түсіп, есеп алшақтығын қысқартты. Алайда, 37-ші минутта – Данила Карабан,

38-ші минутта Дмитрий Преснов, 45-ші минутта Данила шайба салып, таблодағы көрсеткішті 5:1-ге жеткізді. 46-шы минутта ақтөбеліктер тағы да шайба салып, есеп алшақтығын қысқарту үшін шабуылды жиілетіп еді. Алайда, 54-ші

минутта – Артем Лихотников, 55-ші минутта – Владислав Никулин, 56-шы минутта – Хрипков Ярослав мүмкіндік бермей, ойынға нүкте қойды. Есеп – 8:2.

Қарымта кездесуде де жерлестер қарсыластарына мүмкіндік бермеді. Алғашқы кезеңнен-ақ басымдық танытып, «Ақтөбе» командасының қақпасын нысанаға алды. Кездесудің бірінші кезеңі 3:1 есебімен қарағандылықтардың пайдасына аяқталса, екінші кезеңде «Сарыарқа» есепті 8:3-ке жеткізді. Үшінші кезеңде ақтөбеліктер 2:1 есебімен басым түскенімен, бұл жалпы нәтижеге әсер ете қойған жоқ. Осылайша, қарымта кездесуде «Сарыарқа» 9:5 есебімен жеңіске жетіп, ел чемпионатындағы жеңісті жолын жалғап келеді.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• КАРАТЭ

Үздіктерден қара үзді

Ақтауда киокушинкай каратэден балалар мен жасөспірімдер арасында V әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге ұлттық құрама сапында елдің үздік спортшылары қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. Қазақстандық каратэшшілер жарыста 19 алтын медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте I орынға ие болды. Әлемдік долада ел намысын абыроймен қорғаған спортшылар қатарында қарағандылықтар да бар. Ұлттық құрама сапындағы 33 спортшы татамиге шығып, бес алтын, үш күміс және 17 қола медаль еншіледі.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық додаға әлемнің 12 елінен 500-ге жуық спортшы қатысқан. Екі жылда бір рет өтетін әлем чемпионаты биыл да тартысты өтті. Қарағанды облысының намысын қорғаған 33 спортшының 25-і жүлде еншілеп, өңір спортының халықаралық аренадағы әлеуетін тағы бір мәрте танытты.

Биылғы чемпионаттың ерекшелігі – жарысқа алғаш рет енгізілген Heart Point тәртібінде. Бұл – киокушинкай каратэдегі

жекпе-жектің заманауи форматы. Мұнда спортшының соққысының күші мен дәлдігі арнайы электронды жүйе арқылы тіркеледі. Жаңа жүйе бойынша өткен белдесулерде спортшылар денеге тиген соққыларды анықтайтын арнайы сенсорлы кеудешелер киді. Осылайша, жекпе-жектің нәтижесі төрешілер шешімімен қатар, заманауи технология көмегімен де бағаланды. Облыс командасы үшін Heart Point жаңа бағыт болса да, спортшылар жақсы нәтиже көрсеткен.

Әлем чемпионатында ката бағдарламасында бақ сынаған Айзере Есенбай, Замина Маме-



дова, Әсем Шаугенбай, Андрей Починяев және Алена Ново-

струева қарсыластарының алдын орап, әлем чемпионы атанды.

Тазы жүгірткен жұртпыз

Елордала «Қазақ тазысы мен төбеті күніне» орай шығра тартудан ел чемпионаты өтті. Чемпионатқа еліміздің түпкір-түпкірінен 100-ден астам тазы әкелінді. Ал, облыстан барған 15 тазы арасынан жүйріктері екі алтын және бір қола жүлде иеленіп, ел чемпионатынан олжалы оралды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел чемпионаты «Арландар», «Қаншықтар» және «Ардагер тазылар» арасында ұйымдастырылды. «Арландар» бәсекесіне қатысуға 50 тазы егесінен өтінім түскен. Әр топта мәреге бірінші болып жеткен жүйрікке актық кезеңге жолдама берілді. Соңында сегіз топтың жеңімпазы финалда бас қосып, жүлделі орындарды сарапка салды.

«Қаншықтар» санатында 40 тазыны алты топқа бөліп, әр топтан үздік шыққан жүйріктер актық кезеңде өзара мықтыны анықтады. Айта кетейік, екі санатта сынға түскен тазылар бір шақырымдық қашықтыққа жүгірді.

Алты жастан асқан тазылар «Ардагер тазылар» санатындағы 11 тазы екі топқа бөлінді. Әр топтан мәреге бірінші болып жеткен екі жүйрік актық кезеңге жолданды. Бұл тазылар 500 метр қашықтықты жүгіріп өтті.

Қарағандылық Манас Елубаевтың «Тұйғын» атты тазысы «Арландар» санатында мәреге

бірінші жетіп, чемпион атанды.

– «Тұйғын» топтық кезеңде алдына қара салмады. Екінші болып келе жатқан тазыдан шамамен 30 метр алда болды. Финалдық бәсекеде де жүйрігіміз өзгелерден қара үзіп, бірінші болып мәреге жетті. Негізі, мұндай жарыстарда тазылардың уақыты есептелмейді. Дегенмен, Тазы федерациясының өкілдері «Тұйғынның» көрсеткен уақытын есептеп, 1 минут 11 секунд болғанын айтты. Жалпы, жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Бәсекеге қатысушылар тазыларын жақсы дайындаған. Бәрі де бірінен-бірі өтеді. Сондықтан, мұндай долада жеңіске жетудің өзі – үлкен жетістік, – дейді Манас Ерланұлы.

Жарыс қорытындысы бойынша Манас Елубаевтың «Тұйғын» «Арлан тазылар» санатында алтын медаль иеленсе, «Қаншықтар» арасындағы бәсекеде Айдар Мұстафиннің «Шақари» тазысы мәре сызығын үшінші болып кесті. Ал, «Ардагерлер» санатында бақ сынаған Сағат Қапашевтің «Сарықасқасы» да алтын алды.

Сурет жүлдегерлердің жеке мұрағатынан

Жеңімпаздардың қатарындағы Андрей Починяев – 14-15 жас санатында өнер көрсеткен жас спортшының бірі. Оның киокушинкай каратэмен айналысып жүргеніне 10 жылдан асқан. Осы жылдар ішінде талай бәсекеде тәжірибе жинақтағанымен, осы әлем чемпионаты Андрей үшін алғашқы халықаралық турнирі екен. Жас спортшы чемпионаттың актық кезеңіне дейін ресейлік үш қарсыласымен кездесіп, үшеуінен де басым түскен. Ал, шешуші сында Беларусь елінің спортшысымен жұлдырықта-сып, қарсыласын «Уширо гери» әдісімен нокаутқа түсіріпті.

– Андрей соңғы алты айда шеберлігін айтарлықтай шыңдап, үлкен серпіліс жасады. Додаға дайындықты жаздың басында бастап, командамен бірге бірнеше оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Алматы мен Қарағандыда дайындық жұмыстарын жүргізіп, спортшылар күніне үш реттен жаттықты. Бұған қоса,

теориялық дайындыққа да баса мән бердік. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде Андрей әлем чемпионатында топ жарып, ел мерейін үстем етті, – деді Қарағанды облысының киокушинкай каратэден бас жаттықтырушысы Тимур Райымбеков.

Сонымен қатар, ката бағдарламасында өнер көрсеткен Валерия Шабатура, Милена Тлеуленова мен София Горелова чемпионаттың күміс жүлдегерлері атанған. Ал, Heart Point сайысында бақ сынаған Тілек Серіков те күміс жүлдеге қол жеткізді.

Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы 19 алтын медальмен көш бастады. Екінші орынға қоржынында 10 алтын жүлдесі бар Ресей құрамасы жайғасса, үздік үштікті Жапония құрамасы түйіндеді.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемсіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ый.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 3 250
№98 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ербол ЕРБОЛАТ**